

Ауылдық елді мекенге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау ұсыну туралы

Қарағанды облысы Сәтбаев қаласы мәслихатының 2011 жылғы 25 наурыздағы N 418 шешімі. Қарағанды облысы Сәтбаев қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 20 сәуірде N 8-6-120 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, "АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына, "2011–2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 қарашадағы Заңына, "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы қаулысына сәйкес қалалық мәслихат ШЕШІМ ЕТТИ:

1. 2011 жылға ауылдық елді мекенге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына өтініш берілген сәтіне жетпіс есептік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме ж ә р д е м а қ ы ұ с ы н ы л с ы н .

2. 2011 жылға ауылдық елді мекенге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына тұрғын үй сатып алу үшін маман өтінген, бірақ өтініш берілген сәтіне алты жұз отыз есептік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау ұ с ы н ы л с ы н .

3. "Ауылдық елді мекенге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау ұсыну туралы" Сәтбаев қалалық мәслихатының 2010 жылғы 3 ақпандағы XXIV сессиясының N 288 шешімінің (2010 жылғы 12 ақпанда Қарағанды облысы Әділет департаменті Сәтбаев қаласы Әділет басқармасында 8-6-98 нөмірімен тіркелген, "Шарайна" газетінің 2010 жылғы 19 ақпандағы 14 (1775) нөмірінде ресми жарияланған) күши ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау әлеуметтік сала, құқықтық тәртіп және әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияға жүктелсін (төрайымы

Қоңырова

Әлия

Мешітбайқызы).

5. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он құнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат хатшысы

C e c c i я

t θ p a f a c y ,

C. Имамбай

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК